"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ "И.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120019.Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_litsey@mail.kz

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №5 ИМЕНИ И.В.ПАНФИЛОВА" ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ"

120019,город Кызылорда,улица Е.Ауельбекова,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_litsey@mail.kz

02.09.2024ж
Бұйрық № 108
Қызылорда қаласы

№_____
город Кызылорда

Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және кеңес құрамын сайлау туралы

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9-тармағына және «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру бағытында және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шідегі №355 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1.2024-2025 оқу жылында мектеп миссиясын анықтауға, даму стратегиясын жасауға, білім беру және еңбек тәртібі заңдарына сәйкес даму бағыттарын ұйымдастыруға және айқындауға, жетім, қамқорлықсыз қалған оқушыларға әлеуметтік көмек көрсетуге, мұғалімдердің шығармашылығын дамытуға, оқушылардың білім сапасын арттырып, қамқоршылық кеңес жұмысын жандандыру мақсатында қамқоршылық кеңес төрайымы сайлансын.
2. 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9-тармағына және «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру бағытында және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шідегі №355 бұйрымен бекітілген ережеге сәйкес қамқоршылық кеңес жұмысы жүргізілсін.
3.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие орынбасары Т.Тастаеваға жүктелсін.

"И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей" КММ директоры _____ **Р.Мұхашова**

2024-2025 оқу жылындағы И.В.Панфилов атындағы
№5 мектеп-лицей жанындағы
Қамқоршылық кеңестің құрамы туралы ақпарат

р/с	Аты-жөні	Қызметі	Қамқоршылық кеңес мүшелері	Байланыс телефоны
1	Басығараев Ибрагим Аскарбекович	Депутат	Төраға	87017653866 Астана көшесі №16
2	Қосымов Алимжан	«Ел арай» қорының директоры	мүшесі	87785006097 Левый берег 4/25
3	Пицаева Альбика Вахаевна	Жеке кәсіпкер	мүшесі	87021115999 Берденова №43
4	Тайғашов Еркін	Көлік комитетінің бөлім басшысы	мүшесі	87773652432 Тәуелсіздік 1/126
5	Койшугулова Салтанат	АО НК КТЖ Темір жол	мүшесі	87016970095 Қонаев 24
6	Бегенова Ақмарал	Жеке кәсіпкер	мүшесі	Шілдебаев №24А
7	Тастаева Толкын Бакытовна	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары	хатшы	Жаппасбай батыр 72/7

Мектеп-лицей директоры **Р.Мұхашева**

Бекітемін
№5 мектеп-лицей директоры
Р.Мұхашова _____
«09»қыркүйек 2024ж

Қамқоршылық кеңесі отырысының жоспары
2024-2025 оқу жылы

№	Орындалатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
	I-отырыс		
1	Қамқоршылық кеңес төрайымын сайлау және кеңес мүшелері құрамын қайта бекіту туралы. Кеңес мүшелерінің міндеттерін тағайындау (төрайымы,орынбасары,жауапты хатшы)	қыркүйек	Қамқоршылық кеңес мүшелері
2	Мектеп директорының 2021-2022 оқу жылында атқарған жұмыстарының есебі		Мектеп директоры
3	Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы		Қамқоршылық кеңес мүшелері
	II-отырыс		
1	Дарынды балаларды қолдау мақсатында атқарылатын жұмыстармен танысу,талқылау	желтоқсан	Қамқоршылық кеңес мүшелері
2	Дарынды балаларды қолдау және тұрмысы төмен,аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету (жаңа жыл мерекесінде сыйлықтар беру) мақсатында іс-шара ұйымдастыру		
	III-отырыс		
1	Білім сапасын жақсарту мақсатында «Зерттеу сабақтары» тәсілін оқыту үрдісінің барысымен танысу	ақпан	Қамқоршылық кеңес мүшелері
2	Наурыз мерекесін ұйымдастыру		Қамқоршылық кеңес мүшелері Мектеп әкімшілігі
	4-отырыс		

1	Оқу материалдық базасының сақталуы және үнемі толтыруын қамтамасыз ету	сәуір	Қамқоршылық кеңес мүшелері
2	Оқу жылының аяқталуын қамтамасыз ету шаралары(салтанатты жиын,емтихандар, мектеп бітіру кештері		
5-отырыс			
1	«Қамқоршылық кеңесінің» жылдық есебіне талдау және енгізілген өзгертулер	мамыр	Қамқоршылық кеңес мүшелері
2	Түрлі санаттағы балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мәселелері		Қамқоршылық кеңес мүшелері

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі
Қамқоршылық кеңес
№1 отырысының
ХАТТАМАСЫ

Өткізілген уақыты: «16» қыркүйек 2024 жыл
Қатысқандар: Қамқоршылық кеңестің 7 мүшесі

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қамқоршылық кеңес төрағасын сайлау және кеңес мүшелерінің құрамын қайта бекіту туралы. Кеңес мүшелерінің міндеттерін тағайындау.
2. Мектеп директорының 2023–2024 оқу жылында атқарған жұмыстарының есебі.
3. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелері кеңес төрағасын сайлау және кеңес құрамын қайта бекіту мәселесін қарастырды. Кеңес мүшелері өзара пікір алмасып, Қамқоршылық кеңестің төрағасы ретінде Басығараев Ибрагим Аскарбековичті ұсынды. Кеңес мүшелері ұсыныстыбірауыздан қолдады.
Сонымен қатар Қамқоршылық кеңесінің құрамына төмендегі азаматтар бекітілді:

1. Басығараев Ибрагим Аскарбекович – депутат, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы;
2. Қосымов Алимжан – «Ел арай» қорының директоры, кеңес мүшесі;
3. Пицаева Альбика Вахаевна – жеке кәсіпкер, кеңес мүшесі;
4. Тайғашов Еркін – Көлік комитетінің бөлім басшысы, кеңес мүшесі;
5. Койшугулова Салтанат – АО НК КТЖ Темір жол, кеңес мүшесі;
6. Бегенова Ақмарал – жеке кәсіпкер, кеңес мүшесі;
7. Тастаева Толкын Бакытовна – директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, Қамқоршылық кеңесінің хатшысы.

Екінші мәселе бойынша мектеп директоры 2023–2024 оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Өз сөзінде оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуы, білім алушылардың жетістіктері, тәрбие жұмыстары, әлеуметтік қолдау, мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту бағытында атқарылған жұмыстарға тоқталды.
Сонымен қатар мектептің жаңа оқу жылына дайындығы, білім алушыларға қолайлы жағдай жасау және мектептің материалдық базасын одан әрі жетілдіру мәселелері қарастырылды.
Үшінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің хатшысы Тастаева Толкын Бакытовна 2024–2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарымен таныстырды.
Жоспарда білім алушыларды әлеуметтік қолдау, дарынды балаларды қолдау, мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту, білім сапасын арттыруға

бағытталған жұмыстарға қолдау көрсету, мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру және балалардың жазғы демалысын қамтамасыз ету мәселелері қамтылғаны айтылды.

ШЕШІМ:

1. 2024–2025 оқу жылына Қамқоршылық кеңесінің құрамы қайта бекітілсін.
2. Басығараев Ибрагим Аскарбекович Қамқоршылық кеңесінің төрағасы болып бекітілсін.
3. Тастаева Толкын Бакытовна Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып бекітілсін.
4. Мектеп директорының 2023–2024 оқу жылында атқарған жұмыстарының есебі назарға алынсын.
5. Қамқоршылық кеңесінің 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
6. Жоспарға сәйкес жұмыстардың орындалуын бақылау Қамқоршылық кеңесінің төрағасы мен мүшелеріне жүктелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Басығараев И.А.

Хатшы: Тастаева Т.Б.

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі
Қамқоршылық кеңес
№2 отырысының
ХАТТАМАСЫ

Өткізілген уақыты: «15» желтоқсан 2024 жыл
Қатысқандар: Қамқоршылық кеңестің 7 мүшесі

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Дарынды балаларды қолдау мақсатында атқарылатын жұмыстармен танысу және талқылау.
2. Дарынды балаларды қолдау және тұрмысы төмен, аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету мақсатында жаңа жыл мерекесіне орай іс-шара ұйымдастыру.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша мектеп әкімшілігі дарынды білім алушылармен жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді.

Білім алушылардың шығармашылық, зияткерлік және спорттық қабілеттерін дамыту мақсатында мектепішілік, қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі олимпиадаларға, байқауларға және түрлі жобаларға қатысуға жағдай жасалып отырғаны айтылды.

Дарынды білім алушыларды анықтау, олардың қабілеттерін дамыту және жетістіктерін қолдау бағытындағы жұмыстардың жүйелі түрде жүргізіліп жатқандығы атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің мүшелері жаңа жыл мерекесіне орай әлеуметтік қолдауды қажет ететін және аз қамтылған отбасылардан шыққан білім алушыларға көмек көрсету мәселесін қарастырды.

Кеңес мүшелері аталған санаттағы балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау, сыйлықтар табыстау және қажет болған жағдайда демеушілік көмек көрсету жөнінде ұсыныстарын білдірді.

ШЕШІМ:

1. Дарынды білім алушыларды қолдау бойынша мектепте жүргізіліп жатқан жұмыстар жалғастырылсын.
2. Дарынды білім алушылардың олимпиадаларға, байқауларға және түрлі жобаларға қатысуына Қамқоршылық кеңесі тарапынан қолдау көрсетілсін.
3. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында әлеуметтік қолдауды қажет ететін және аз қамтылған отбасылардан шыққан білім алушыларға қайырымдылық көмек көрсету ұйымдастырылсын.
4. Мерекелік сыйлықтар табыстау жұмыстары мектеп әкімшілігімен бірлесіп ұйымдастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Басығараев И.А. Басығараев

Хатшы: Тастаева Т.Б.

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі
Қамқоршылық кеңес
№3 отырысының
ХАТТАМАСЫ

Өткізілген уақыты: «23» ақпан 2025 жыл
Қатысқандар: Қамқоршылық кеңестің 7 мүшесі

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Білім сапасын жақсарту мақсатында «Зерттеу сабақтары» тәсілін оқыту үдерісінде қолдану барысымен танысу.
2. Наурыз мерекесін ұйымдастыру.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша мектеп әкімшілігі білім сапасын арттыру мақсатында «Зерттеу сабақтары» тәсілін оқу үдерісінде қолдану барысы туралы ақпарат берді.
«Зерттеу сабақтары» тәсілі мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруға, сабақ беру тәжірибесін жетілдіруге және білім алушылардың оқу жетістіктерін арттыруға бағытталғаны атап өтілді.
Зерттеу сабақтарын ұйымдастыру барысында мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуы, сабақ барысын талдау және білім алушылардың оқу әрекетін бақылау жұмыстары жүргізілетіні айтылды.
Екінші мәселе бойынша мектеп әкімшілігі Наурыз мерекесін ұйымдастыруға байланысты жоспарланған іс-шаралармен таныстырды.
Мерекелік іс-шаралар барысында ұлттық құндылықтарды дәріптеу, ұлттық ойындарды насихаттау, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және ата-аналар мен Қамқоршылық кеңес мүшелерін бірлескен жұмыстарға тарту жоспарланғаны айтылды.
Қамқоршылық кеңес мүшелері жоспарланған іс-шараларды қолдайтындарын білдіріп, ұйымдастыру жұмыстарына өз үлестерін қосуға дайын екендерін жеткізді.

ШЕШІМ:

1. «Зерттеу сабақтары» тәсілін қолдану арқылы білім сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.
2. Мұғалімдердің кәсіби тәжірибе алмасуына және зерттеу сабақтарын тиімді ұйымдастыруына қолдау көрсетілсін.
3. Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.
4. Ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған іс-шараларға Қамқоршылық кеңесінің мүшелері белсенді қатыстырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Басығараев И.А. Басығараев

Хатшы: Тастаева Т.Б. Тастаева

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі
Қамқоршылық кеңес
№4 отырысының
ХАТТАМАСЫ

Өткізілген уақыты: «20» сәуір 2025 жыл
Қатысқандар: Қамқоршылық кеңестің 7 мүшесі

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Оқу-материалдық базаның сақталуы және оны үнемі толықтырып отыруды қамтамасыз ету.
2. Оқу жылының аяқталуын қамтамасыз ету шаралары: салтанатты жиын, емтихандар, мектеп бітіру кештерін ұйымдастыру.

ТЫҢДАЛДЫ:
Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры мектептің оқу-материалдық базасының қазіргі жағдайы туралы ақпарат берді.
Мектептің материалдық-техникалық базасын сақтау, қолда бар құрал-жабдықтарды тиімді пайдалану және қажеттілігіне қарай толықтыру мәселелері қарастырылды.
Қамқоршылық кеңес мүшелері мектептің оқу үдерісіне қажетті материалдық базаны нығайтуға бағытталған жұмыстарды қолдайтындарын білдірді.
Екінші мәселе бойынша мектеп әкімшілігі оқу жылының аяқталуына байланысты өткізілетін іс-шаралар туралы ақпарат берді.
Атап айтқанда, оқу жылының қорытындысын шығару, қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру, салтанатты жиындар мен мектеп бітіру кештерін өткізу, білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қарастырылды.
Қамқоршылық кеңес мүшелері аталған іс-шараларды ұйымдастыру барысында белгіленген талаптардың сақталуына және білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше назар аудару қажеттігін атап өтті.
ШЕШІМ:

1. Мектептің оқу-материалдық базасының сақталуы қамтамасыз етілсін.
2. Қажетті оқу құралдары мен материалдық-техникалық жабдықтарды толықтыру бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
3. Оқу жылының аяқталуына байланысты барлық іс-шаралар бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.
4. Қорытынды аттестаттау, салтанатты жиындар және мектеп бітіру кештерін өткізу кезінде қауіпсіздік талаптарының сақталуы қамтамасыз етілсін.
5. Қамқоршылық кеңес мүшелері жоспарланған іс-шараларға қолдау көрсетсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Басығараев И.А. Басқ

Хатшы: Тастаева Т.Б. Таст

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі
Қамқоршылық кеңес
№5 отырысының
ХАТТАМАСЫ

Өткізілген уақыты: «18» мамыр 2025 жыл
Қатысқандар: Қамқоршылық кеңестің 7 мүшесі

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қамқоршылық кеңесінің жылдық есебіне талдау жасау және енгізілген өзгерістерді қарау.
2. Түрлі санаттағы балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мәселелері.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Басығараев Ибрагим Аскарбекович 2024–2025 оқу жылында атқарылған жұмыстарға қорытынды жасап, Қамқоршылық кеңесінің жылдық есебімен таныстырды.

Жыл ішінде білім алушыларды әлеуметтік қолдау, дарынды балаларды қолдау, мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту, қайырымдылық және демеушілік көмек көрсету бағытында атқарылған жұмыстарға талдау жасалды.

Сонымен қатар жылдық есепке енгізілген толықтырулар мен өзгерістер таныстырылып, Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің ұсыныстары тыңдалды.

Екінші мәселе бойынша мектеп әкімшілігі білім алушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру мәселесі туралы ақпарат берді.

Жазғы демалыс кезеңінде түрлі санаттағы балаларды демалыспен және сауықтырумен қамту, мектеп жанындағы лагерьлерге қатыстыру, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу мәселелері қарастырылды.

Қамқоршылық кеңес мүшелері жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушыларды қамту қажеттігін атап өтті.

ШЕШІМ:

1. Қамқоршылық кеңесінің 2024–2025 оқу жылындағы жылдық есебі қаралып, атқарылған жұмыстар назарға алынсын.
2. Жылдық есепке енгізілген толықтырулар мен өзгерістер бекітілсін.
3. Түрлі санаттағы білім алушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілсін.
4. Жазғы демалыс кезеңінде білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
5. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушылардың жазғы демалыспен қамтылуы қамтамасыз етілсін.
6. Қамқоршылық кеңесінің 2024–2025 оқу жылындағы жұмысы қорытындылансын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Басығараев И.А.
Хатшы: Тастаева Т.Б.